

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ**  
**KAZAKH NATIONAL WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY**  
**[www.kazmkpu.kz](http://www.kazmkpu.kz)**

**ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**  
**МЕНЕДЖЕР-АНАЛИТИК**

**ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ (MINOR)**  
**МЕНЕДЖЕР-АНАЛИТИК**

**ADDITIONAL EDUCATIONAL PROGRAMS (MINOR)**  
**MANAGER-ANALYST**

**Алматы/ Almaty 2023**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған. (Хаттама № \*\*\*, «\*\*\*» \*\*\*\*\* 2023 ж.)

Рекомендовано к печати решением Ученого Совета Казахского национального женского педагогического университета (Протокол № \*\*\*, «\*\*\*» \*\*\*\*\* 2023 г.)

Recommended to print by the decision of Scientific Board of Kazakh National Women's Teacher Training University (Protocol \*\*\* dated from \*\*\* \*\*\*\*\* 2023)

**«МЕНЕДЖЕР-АНАЛИТИК»  
ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Кімге арналған:** «Менеджер-аналитик» (Minor) бағдарламасы Major барлық білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған.

**Өзектілігі:** Осы майнер аясында менеджерліктен (басқарушы емес) тыс оқитын білім алушылар қолжетімді түрде аналитикалық зерттеулер жасай отырып менеджерлік іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатында нақты пәндер бойынша оқу ұсынылады. Сонымен қатар, білім алушылар іскерлік жұмыстың басқару негізінде жоспарлық, нормативтік, технологиялық, есеп, талдау мәліметтеріне сүйене отырып, арнайы әдістер арқылы болашақтағы дамуды жоспарлау мен ішкі есеп беру мәліметтеріне сүйене отырып басқару шешімдерін бағалау және олардың орындалуына жауапкершілікке ие болады.

**Негіздеме:** Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы менеджерлік зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу дағдысы мен мергенді және оны іс-тәжірибелік әрекетте қолдана біледі. Бағдарлама аясында білім алушыға көрсетілген пәндердің шеңберінде ҚР-ның құқықтық басқару әдістері, басқарудың нарықтық әдістерін (есеп, талдау, болжау, жоспарлау, персоналды басқару) ұйымдастыру жөнінде білім беріледі. Алған білімдері бойынша кәсіби қызметтің түрлі салаларында даму жоспарының орындалуы туралы есептерді дайындайды, кеңес береді, ақпараттарға баға бере алады. Іскерлік қызметте дұрыс шешім шығаруда басқару есебі мен талдау әдістері арқылы болашақтағы дамуды жоспарлауды қамтамасыз етуге қабілетті кәсіби құзыретті маман даярланады. Бұл бағдарлама бойынша білім алған студент менеджер-аналитик маманы болып қызмет атқара алады. Менеджерлік білімнен тыс оқитын білім алушы бұл бағдарламаны таңдап, оқыған жағдайда барлық ірі кәсіпорындарда басқару іс-шарасымен танысып, әрі қоғамдық процестерге талдау жасауға мүмкіндік алады. Кез келген ұйымда адамдарды басқара отырып ұйымдастырушылықтың маңызды рөл атқаратындығын түсінеді. Ұйымдастырушылық мәдениет, персоналды басқару, еңбек нәтижелерін бағалау, кеңес беру артықшылықтарына ие болады.

**Мақсаты:** Бағдарлама білім алушыға менеджерлік пен анализ жасау мәселелер қырынан білім беруді қарастырады. Еңбек нарығында сұранысқа сай кәсіби өсуге ынталы, тұтыну нарығына бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа сападағы қосымша бағдарламасы бойынша менеджер-аналитик маманы біліктілігіне дайындау және беру;

**Бағдарламаның сипаттамасы:**

1.«МЕНЕДЖЕР-АНАЛИТИК» (Minor) бағдарламасы 3 пәннен тұрады, әр пән 5 кредит, қорытындысында білім алушы 15 кредит меңгеруі тиіс.

2. «МЕНЕДЖЕР-АНАЛИТИК» (Minor) бағдарламасы пререквизиттерді қажет етпейді.

3. Бакалавр дәрежесі үшін несиелер саны өзгеріссіз қалады-240 кредиттен кем емес.

**Бағдарламаның мазмұны:**

Пән атауы	Пәннің сипаттамасы	Қалыптасатын оқыту нәтижелері
Мәліметтерді интерпретациялау және талдау	Бұл курста әлеуметтік сипаттамаларды өлшеу мәселелері, Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес іріктемелі жиынтықтың әртүрлі түрлерін қалыптастыру принциптері мен әдістемесі көрсетілген. Курс шеңберінде әлеуметтанулық деректерді жинаудың, өңдеудің және талдаудың негізгі әдістерін, зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін ұсыну нысандарын қарастыруға ерекше назар аударылады.	Деректерді талдау және интерпретациялау теориясы мен практикасын дамытудың негізгі тенденцияларын игереді, деректерді талдау және интерпретациялау мәселелерін шешу үшін қолданбалы бағдарламалардың заманауи пакеттерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын талдау жасауға, болжам жасауға қабілетті;
Маркетинг зерттеулерге кіріспе және фокус топ әдісі	Бұл курс фокус-топтарды пайдалана отырып, әлеуметтік және маркетингтік ақпаратты жинау әдісінің мүмкіндіктері туралы жалпы түсінік алу және жиналған ақпаратты ұйымдастыру, жүргізу, талдау бойынша білім мен дағдыларды игеру болып табылады.	Фокус-топтық маркетингтік зерттеудің әлеуметтік контекстін түсініп, фокус-топтар әдісі арқылы қажетті әлеуметтік ақпаратты жинауды жоспарлауды біледі, нәтижелерін түсіндіре алады.
Әлеуметтік шешімдерге әлеуметтік сараптама	Оқу пәні басқа пәндермен ұштастыра отырып, болашақ мамандардың мемлекеттік, қоғамдық, кәсіптік, шығармашылық және өзге де ұйымдарда әлеуметтік шешімдер қабылдауда, сондай-ақ талдамалық материалдарды дайындауда, ғылыми-зерттеу және басқару бағдарламалары мен жобаларын дайындауда сарапшылардың орны мен сараптамалық қызметтің рөлі туралы тұтас түсініктерін қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған.	басқару әдістері жүйесін пайдалана отырып, тиімді шешімдер қабылдайды;